

ӘОЖ 347.87.04

**ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬДЕ ІЛІК СЕПТІКТІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ**

Д. Б. Тәжиева

danchic99@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университетінің 4-ші курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. М. Джабашева

Ілік септік «кімнің?» «ненің?» деген сұрақтарға жауап беретін қосымша қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де зат есімді немесе заттық мағынада қолданылатын мүшеге меншікті анықтауыштың қызметін атқарады. Зат есімдер ілік септік формасында келіп те анықтауыш қызметін атқарады. Бұл формадағы анықтауыштар меншіктілік қатынастың компоненті - ие жақты – атайды [1, 176 б.]. Меншікті анықтауыштар өзі қатысты сөздермен алшақ та, іргелес тұрып та байланысып, меншіктілік, біреуге немесе бір нәрсеге тән мағынаны береді. Кейде ілік жалғаулы сөз сөйлемнің соңында келіп те өзі қатысты сөздермен байланысы нақтылы білініп тұрады [2, 470 б.]. Ілік септіктің қазақ тілінде жалғау ретінде берілудің себебі – оның басқа түркі тілдердің сияқты агглютинативті құрылымы.

Түркі тілдеріне тән изафет құбылысы, яғни бағыныңқы мүшенің тіркесте басыңқысын анықтаудағы байланысы аударма үдерісінде еске алуға абзал ерекшелік болып табылады. Қазақ тіліндегі матаса байланысқан сөз тіркестерін осы изафеттің үшінші түріне жатқызуға болады. бағыныңқы мүше ілік септігінде, басыңқы мүше тәуелдік жалғауының III жағында келеді. Мысалы: *әкемнің үйі, Асанның анасы*, т.б. қарым-қатынасты білдіру мақсатында пайда болған изафеттің үшінші түрінің I, II изафет түрлеріне қарағанда қолданылу шеңбері

тар. Түркі изафетінің үшінші түрі туралы Б. А. Серебrenников түркі ата тілдерінің кейінгі даму сатысында, яғни изафеттің екінші түріне тән омонимиялық қолданысты болдырмау мақсатында пайда болған болу керек деп жазған. Мәселен, изафеттің екінші түрі алғашында екі мағынада, яғни белгілі адамға, затқа қатыстылық мен белгісіз адамға, затқа қатыстылықты білдіру үшін жұмсалған. Екінші изафетте тұратын «патша қызы» қандай да бір патшаның қызын, ал үшінші изафеттегі «*патшаның қызы*» белгілі бір патшаның қызын білдіреді [3, 428 б.].

Септік құбылысы аналитикалық де, агглютинативті тілдерге тән болғанымен, оның сөйлемде берілу формасы тілден тілге ерекшеленеді. Ағылшын тілінің генитиві меншіктік мағынада қолданылып апострофпен анықталатын сөздің алдында қойылады. Алайда «of + зат есім» көмекші сөзбен байланысқан тіркесте артқы позицияға өтеді (Absolute Genitive): *this clever joke of mother`s; a book of my brother`s (a/this noun of noun`s)*. Сол жағдайда зат есім міндетті түрде белгілі/белгісіз артикльмен немесе сілтеу есімдігімен қолданылады. Соңғысы оған екпін береді. Бұл құрылым абсолютті формада тұрған қатыстық есімдіктермен қолданылуға жарамды: *a friend of mine; that pretty sister of his (a noun of mine/etc)* [4, 286-287 б.].

Ілік септіктің екі тілдегі ерекше көрсетілігінің публицистикалық стильдегі мәтіндерде ескерілгені жөн, себебі қажетті ықшамдау өтудің нәтижесінде бір зат есімнің басқа зат есіміне қатыстылығы бүкіл хабардың нақтылығына әсер ету мүмкін. Газет-журналдар мәтіннің тілдік мағынасының құралы белгілі бір дәрежеде дайын күйдегі, кең қолданыстағы тіркестер, сөздер саналады. Газет-журналдардың мәтіні – толығымен нысаналы түрдегі когнитивтік ақпарат. Бұл тілдік құралдарының контексіне еш тәуелсіз ұғымдар түрінде сипатталады: бұл сандық мәліметтер, кісі атаулары, лауазымдары, атақ, дәрежелері, фирма, мекеме, ұйым, кәсіпорын, шаруашылық, географиялық атаулар. Ә. Тарақов газет-журнал мәтіндерінде дерек, мәліметтерді бұрмалауға, тастап кетуге болмайды деп жазады. Ресми ақпараттарды аудару негізінде ондағы мәтін тұтастай сақталуы дәл жеткізілуі міндеттелінеді. Үлкен көлемдегі танымдық, ғылыми-көпшілік, мәдени, әдеби мақала, зерттеулерде ой қайталанған жағдайда әрі оқырман талғамын ескеру негізінде, мәтінге қысқартып, ықшамдау қажеттілігі туады. Тұрақты сөздердің мағыналық байланысын, астарлы ойын аңғарып барып аудару тиімді. Газет-журнал мәтіндерінің тағы бір ойландыратын мәселесі – астарлылығы. Кейде ойда сақтала бермейтіндіктен, бұрмалап, өзгертіп қолданатын да жағдай кездеседі. Бұқаралық ақпараттың барлық көздерінде кең ауқымды ауызекі, контекст мүмкіндігінше пайдаланылады. Аудармашы оны қайта аударуға әректенгеннен гөрі, дайын аудармасы болса, толық мәтін сипатында енгізгені дұрыс. Кейде ондай мәтін түпнұсқада өзгертіліп, автордың ыңғайына негізделсе, аудармада дұрыстығын көрсете отырып, түсінік жасай кеткен де орынды [5, 60-61 б.].

Ілік септікті аудару үдерісінде көбінесе В. Н. Комиссаровтың жіктеуі бойынша лексикалық және грамматикалық трансформациялар қолданылады. Осы жағдайдағы лексикалық трансформациялардың басты аударма тәсілдеріне лексико-семантикалық алмастырулар, яғни нақтылау, жалпылау немесе генерализация және модуляция кіреді. Грамматикалық трансформациялар синтактикалық үйлесім немесе сөзбе-сөз аударма, сөйлемнің мүшеленуі, сөйлемдердің біріктірілуі және грамматикалық алмастырылуар (сөз тұлғасы, сөз табы, сөйлем мүшесі) болып саналады. Комплексті лексико-грамматикалық трансформацияларға антонимдік аударма, экспликация немесе суреттеу және компенсация [6, 172-173 б.].

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет өтіп отырған Азия қаламгерлерінің I форумына қатысушыларды құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі [7]».

«President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev welcomed the participants of the First Forum of Asian countries' writers and wished them fruitful work [8]».

«Азия қаламгерлерінің» мұнда нақтылау лексикалық трансформациясынан өтеді: «Азия елдерінің жазушылары». «Asian countries' writers» қатыстылығын көпше түрдегі зат есімнен кейінгі дәйекшемен көрсетіп анықталатын сөздің алдындағы орнын сақтай алады. Мұнда

«countries» бірыңғай ілік септігінде тұрған тіркестің екіншісі болып «of» көмекші сөзінің тым көп қайталанбауына мүмкіндік береді. Сәйкесінше, «of writers» басыңқы «Forum» сөзінен кейін тұрады.

Осы нұсқаның ұсынылатын баламалары: «the First Forum of Asian writers» – аналитикалық жолмен құрылған тіркес және «First Asian writers` Forum» бастапқы орын тәртібін сақтап, көпше түрдің бар болуынан, тек дәйекшенің қосылуы.

«Қазақстандық 30 жазушы мен 31 ақынның шығармалары Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 тіліне аударылып, жарыққа шыққалы отыр [7]».

«The works of 30 Kazakh writers and 31 poets will be translated and published in six UN languages [8]».

Сан есімдермен анықталатын «жазушы» және «ақынның» қазақ грамматикасына сәйкес жекеше түрде беріледі. Ағылшын тілінде осы сөздер «-s» көпше түрінің қосымшасына ие болып грамматикалық трансформациядан өтеді: «30 writers» және «31 poets». Түпнұсқада ілік септіктің жалғауы шылау арқылы жазылған бірыңғай зат есімдердің тізбектелуімен түсіндіріледі. Басыңқы сөздің алдында жалғыз тұрғанда, әрқайсысы ілік септік жалғауымен жалғанар еді. Ағылшын тілінде екі зат есім көмекші сөзбен байланысу арқылы морфологиясы бойынша тең дәрежеде тұрады. «Біріккен Ұлттар Ұйымының» қатыстық анықтауыш қызметін атқаратын ұйым атауы ағылшын тілінде кең танылуына байланысты «UN» (United Nations) болып қысқарылады да, орын тәртібі арқылы заттың мүшемен байланысқан. Ол заттық мүшені анықтайтын сан есіммен орын ауысады. Қысқартудың нәтижесінде «ұйымының» түсіп тасталады.

«Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Азия қаламгерлері туындыларының біртұтас электронды кітапханасын құру туралы ұсыныс айтты [7]».

«In addition, the Head of State initiated the creation of a single electronic library of works by Asian writers [8]».

Ағылшын аудармасы: «Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Азиялық қаламгерлер туындыларының біртұтас электронды кітапханасының құрылуына бастамашылық етті». Жалпы қарастырғанда сөйлем модуляция лексикалық трансформациясынан өтеді. Қазақ тіліндегі генитивтік байланыс «works» аудармасында шығу тегін айқындайтын «of» көмекші сөзімен көрсетілген. Әрине соның нәтижесінде басыңқы мен бағыныңқы мүшелерінің орын ауысуы орын алады. Сөйлемді ұтымды аудару үшін ағылшын тілінде тағы бір генитивтік құрылым пайда болады: «creation of a library». Сөйлемде одан басқа аналитикалық байланыстың бар болуына қарамастан тағы бір рет қолданылады.

«Азия қаламгерлерінің I форумы әлемнің 300 ақын-жазушысының басын қосты. Олардың арасында Азияның 38 елінен келген Нобель сыйлығының номинанттары, халықаралық Букер және ASEAN сыйлықтарының лауреаттары, өңірлік және ұлттық сыйлықтардың иегерлері бар [7]».

«The First Forum of Asian countries` writers brought together 300 writers, including nominees for the Nobel Prize, winners of Booker and ASEAN prizes, holders of creative and national awards over 38 countries [8]».

«Азия қаламгерлерінің I» күрделі анықтауышы «форумы» тәуелденген зат есіммен тіркеседі. «Қаламгерлерінің форумы» – изафеттің III түрі. Жаңа нақтылаушы сөз пайда болғандықтан, «of Asian countries` writers», бірыңғай генитивтік байланыс «of» көмекші сөзі мен апостроф «`s» арқылы беріледі. «300 ақын-жазушысының» сан есім мен ілік септігінде тұратын тәуелденген қос зат есім «бас қосу» «жинау» мағынасында қолданылатындықтан, аудармада тек сын есім өзінің анықтауыштық қызметін сақтай алады: «300 writers». «Нобель сыйлығының» ағылшын тілінде «сыйлық номинанты» тіркелген «nominee for» аудармасы бар болғандықтан, түпнұсқадағы генитивтік байланыс «of» көмекші сөзі арқылы емес, «for» (үшін) көмекші сөзімен беріледі. «Букер және ASEAN сыйлықтарының» тіркесінің генитивтік байланысы «of» көмекші сөзімен емес, орын тәртібі арқылы көрсетіледі. «Өңірлік және ұлттық сыйлықтардың» III изафет түрін көмекші сөзбен берілсе, көпше түрдегі зат есімге қатысты туынды сын есімдердің бірі мағыналық және грамматикалық

өзгерістерден өтті. «Of creative and national awards» қазақ тілінде «шығармашылық және ұлттық сыйлықтардың» білдіреді.

«Мемлекет басшысы Қытай *Компартиясының* Чжецзян провинциясындағы хатшысы Чэ Цзюньмен кездесті [9]».

«President Kassym-Jomart Tokayev met with Che Jun, Secretary of the Zhejiang Provincial Committee of the Communist Party of China [10]».

«Қытай Компартиясының» айқындауыш пен изафеттің III түрі басқа анықталушы сөз қосылған жағдайда «провинциясы» зат есіммен матасады. «Communist Party of China» ағылшын аудармасында «of» көмекші сөзі арқылы қатыстылығы белгіленіліп анықтауыш пен анықталушы сөз бір-бірімен орын ауысады. Ағылшын тіліне осы тіркес қысқартылған түрінде емес, грамматикалық трансформациядан өтіп аударылатынын атап өткеніміз жөн: «Comparty» жартылай калькасы емес, «Communist Party» толық атауы.

Көрсетілген мысалдарынан қазақ тілінің ілік септік жалғауы ағылшын тілінің аналитикалық табиғатына орай of және for сияқты көмекші сөзбен берілуі ең жиі кездеседі. Нұсқалық үшін аудармашы кейбір кезде анықтаушы мен анықталушы мүшені орын тәртібі арқылы байланыстыруды қолданады. Сол кездерде тіркесте міндетті түрде орын ауысу тәсілі жұмсаланады. Ал бір тіркесте тым көп көмекші сөздер болатын кезде құрылымды дәйекшемен түрлендіруі мүмкін. Алайда осы мәтін көпшілікке арналып қоғамдық-саяси тақырыпта жазылатындықтан, апостроф аудармашымен көбінесе қолданылмайды.

Ілік септігінде тұратын сөздер нақтыланып, алмастырылып немесе толықтай түсіп тасталу мүмкіндігі байқаланды. Аудармашының осы әрекеттері мән-мәтіннің әлдеқашан ұсынған ақпаратты қайталамауға, шетел оқырманға қосымша дерек беруге және жазу тілін түрлендіруге бағытталған.

Қорытынды: Сонымен, ілік септіктің қазақ тілінде қосымшалық матасу байланысымен, ал ағылшын тілінде көмекші сөз, апостроф пен орын тәртібімен берілетіндіктен, ол нақтылық пен астарлылықты қажет ететін публицистикалық стильде лексикалық және грамматикалық трансформациядан өту мүмкін. Сөйлемде ілік септікте тұрған есімдік я зат есімдер қатармен жазылуы және бір сөз не сөздер тобына қатысты болуына газет-журналдарда қажет етілетін нақтылық пен айқындылықты сақтау үшін шет тілінде аса назар аударылуы тиіс. Дерек-мәліметтер мағыналық бұрмалауға жол бермеу үшін аудармашы үшін осы ерекшеліктерді түсінгені жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тіл білімінің анталогиясы. Әміров Р. Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 192 б.
2. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. Ф. Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, К. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамеди, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. 535 б. – Алматы, 2005.
3. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Оқулық. / Ж. О. Тектіғұл – Алматы: MV-Print, 2012 – 500 б.
4. Грамматика английского языка. В. Л. Каушанская, Р. Л. Ковнер, О. Н. Кожевникова, Е. В. Прокофьева, З. М. Райнес, С. Е. Сквирская, Ф. Я. Цырлина. Ленинград, 1973. – 318 с.
5. Аударманың өзекті мәселелері. Құраст: С. Құлманов. 296 б. – Алматы, 2015.
6. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. Комиссаров В. Н. - М.: Высш. шк., 1990. – 253 с.
7. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-basshysy-aziya-kalamgerlerinin-i-forumyna-katysty
8. http://www.akorda.kz/en/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/the-head-of-state-took-part-at-the-first-forum-of-asian-countries-writers
9. http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/memleket-basshysy-kytai-kompartiyasynyn-chzheczyan-provinciyasyndagy-hatshysy-che-czyunmen-kezdesti

10. http://www.akorda.kz/en/events/international_community/foreign_visits/president-kassym-jomart-tokayev-met-with-che-jun-secretary-of-the-zhejiang-provincial-committee-of-the-communist-party-of-china